

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 және 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 488 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 56 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 56 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 145-қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездің-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесінде:

ескертудің екінші абзацы "әкелінетін тауарлардың мақсатты пайдаланылатыны туралы міндеттеме кеден органына тапсырылады." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Бұл ретте бұл тауарларды мақсаты бойынша пайдаланатын өзге тұлғаларға осы тауарларды

одан әрі сату мақсатты пайдалануға жатпайды.";

2) *Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және ресми түрде жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 29 сәуірдегі

N 488 қаулысына

қосымша

4-қосымша

Кедендік бақылау департаментінің
(кеденнің) бастығына

Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында әкелінген негізгі құралдарды мақсатты пайдалану туралы міндеттеме

Мен, _____

_____,
(атауы, СТН-і, мекен-жайы, банктік деректемелері не аты-жөні және лизинг берушінің паспорттық деректері)

қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында негізгі құралдар ретінде мыналарды әкелдім:

NN _____ кеден (-дік) декларация (лар)ға сәйкес _____

(тауарлардың атауы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды қатаң түрде олардың мақсатты пайдаланылуына сәйкес пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсатта пайдаланған кезде, кезеңдік рәсімдеу кезінде төлемеген _____ теңге мөлшеріндегі салықтар мен өсімпұлдарды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 200__ жылғы " __ " _____

Ескерту. Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында әкелінген негізгі құралдарды салықтар мен өсімпұлдарды төлемей өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда, тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасына сәйкес жауаптылық шаралары қолданыла отырып өндіріп алынатын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК